

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерін қолдауы бойынша шаралар туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 51 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 7 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 4179. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 3 қыркүйекте N 135 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.09.03 N 135 (ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерін қолдауы бойынша шаралар туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

3. Сақтандыру нарығының субъектілерін және басқа қаржы ұйымдарын қадағалау департаменті (Каримуллин А.А.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л ғ а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар

бірлестігіне, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 51 қаулысымен бекітілген

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерін қолдауы бойынша шаралар туралы нұсқаулық

1. Осы Нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 46-1-бабына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтерін қолдауы бойынша шараларды белгілейді.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нормативтік мәндері мен пруденциалдық нормативтерін есептеу әдістемесін айқындайтын қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актілері белгілеген деңгейде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының мөлшерін қолдау бойынша осы Нұсқаулық көздейтін шараларды қабылдайды.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар)

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы осы Нұсқаулықта айқындалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін қолдау бойынша шараларға мыналар:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының ішкі құжаттарының б о л у ы ;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін тұрақты қамтамасыз ету;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін жедел қамтамасыз ету жатады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының ішкі құжаттарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін қолдау бойынша, оның ішінде осы Нұсқаулыққа сәйкес шараларды қолдану тізбесі, талаптары мен тәртібі болады.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін тұрақты қамтамасыз ету мыналарды:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері белгілеген пруденциалдық нормативтерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттерді тексеру мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есебін талдау негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайын тоқсан сайын бағалауды;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына жыл с а й ы н б а қ ы л а у ж а с а у д ы ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көзделген жедел

қамтамасыз ету шараларын айқындайтын рәсімдерді жыл сайын бақылау
ж а с а у д ы қ а м т и д ы .

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысы, қосымша, төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін тұрақты қамтамасыз ету шараларымен қатар, жедел қамтамасыз ету шараларын қолданады.

7. Жедел қамтамасыз ету шаралары уәкілетті орган белгілеген нормативтік мәннен төмен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшері азайған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасын ұлғайту мақсатында қолданылады.

Жедел қамтамасыз ету шаралары мыналарды:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін қолдау рәсімдерін;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің құрылымын өзгерту жөніндегі рәсімдерді;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ұйымдық құрылымын өзгерту жөніндегі рәсімдерді;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жай акциялары бойынша оның акционерлері арасында дивидендтерді төлеуді тоқтата тұру жөніндегі рәсімдерді көздейді .

8. Төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін қолдау рәсімдері мыналарды :

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалған реттелген қарызды беруді немесе уәкілетті орган белгілеген мәнге төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшерін сәйкес келтіру үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын сатып алуды;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының барлық көрсетілген міндеттемелерінің орнын толтыратын үшінші тұлғалардың алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуді ұ с ы н у д ы ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін орындау мерзімін ұзартуды;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының

жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) оның ірі қатысушысының алдында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша төлемдердің мерзімін кейінге қалдыруды;

5) сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметіне, шартты міндеттемелеріне байланысты емес мерзімі өткен активтерді сатып алуды қамтиды.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің құрылымын өзгерту және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) оның ірі қатысушысын өзгерту жөніндегі рәсімдер мынадай:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын техникалық және (немесе) инвестициялық тәуекелге қамтитын операцияларды шектеу немесе тоқтата тұру;

2) өтімділікті жоғалту тәуекелін азайту, проценттік тәуекел мен өтімділікті жоғалту тәуекелін азайту үшін қысқа мерзімді активтердің үлесін ұлғайту мақсатында, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің құрылымын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушысын (заңды тұлғаны) ө з г е р т у ;

3) елеулі шығыстармен байланысты немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) оның ірі қатысушысын (заңды тұлғаны) қосымша тәуекелдерге қамтып жүргізілген операциялардың тізбесін және көлемін қысқарту түрінде жүзеге асырылады.

10. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ұйымдық құрылымы мен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысын өзгерту жөніндегі рәсімдер әкімшілік-шаруашылық шығыстарды қысқарту түрінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

11. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ең төменгі нормативтік мәннен төмен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маржасының қажет мөлшерін азайтқан кезде:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бестен астам, бірақ кемінде елуден кем болмайтын процентіне тікелей немесе жанама иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маржасының мөлшері қажет мәннен төмен азаю дерегі анықталған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының Орындалуы міндетті іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары), оның ішінде осы Нұсқаулық белгілеген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маржасының қажет мөлшерін жедел қамтамасыз ету шараларынан тұратын жоспарды қабылдауына бастама жасайды және Іс-шаралар жоспарын қабылдағаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде оны уәкілетті органға келісу үшін береді;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының елу және одан астам процентіне тікелей немесе қосымша иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маржасының мөлшері қажет деңгейден төмен азаю дерегі анықталған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде іс-шаралар жоспарын, оның ішінде осы Нұсқаулық белгілеген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы маржасының қажет мөлшерін жедел қамтамасыз ету шараларынан тұратын жоспарды уәкілетті органға келісу үшін б е р е д і .

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) біреуден астам ірі қатысушы болған кезде осы тармақтың үшінші абзацында көрсетілген іс-қимылды аталған тұлғалар б і р л е с і п ж ү з е г е а с ы р а д ы .

12. Уәкілетті органмен келісілген Іс-шаралар жоспарында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының қажет мөлшері мен олардың орындалғандығы туралы ақпаратты уәкілетті органға беру мерзімі болуы тиіс.

Іс-шаралар жоспары айқындаған іс-шаралардың орындалуы туралы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушының ақпараты растайтын құжаттардың қосымшасымен бірге беріледі. Іс-шаралар жоспарының кез-келген талаптарын орындамаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушы орындалмау себептері туралы уәкілетті органға хабарлайды.

13. Осы Нұсқаулықтың талаптарын бұзған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан астам процентіне иелік ететін (дауыс беруге құқығы бар) ірі қатысушыға ықпал ету шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес

мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

14. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК